| | | аудандық, облыстық сайыста 1-орын иеленді.<br>21-маусым күні Атбасар қаласының №1 орта мектебінде «БАҚЫТТЫ БАЛА – БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ ҚАЗАҚСТАН» облыстық ата-аналар форумында «Нұршуақ» отбасылық қарым-қатынас клубының жетекшісі Омарова А.Б. қатысушыларға клубтың жұмысымен таныстырды.<br>**Бесінші бағыт:** Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мектебімізде 23-қыркүйек күні «Табиғат – тал бесігі» кіші жобасын жүзеге асыру аясында сенбілік жүргізілді. Мақсаты: Жастарды аббаттандыру жұмыстарына тарту, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу. Сенбілікке 24 оқушы қатысып, белсенділік танытты.<br>22-сәуір күні «Сақтаймыз және көбейтеміз!» науқан аясында 9-сынып оқушылары сенбілікке қатысты. Мақсаты – қоршаған ортаны аялау.<br>**Алтыншы бағыт**: Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бойынша 26-қаңтар күні жаратылыстану-математикалық апталығының өту барысында "Әлемді бейнелеген тәттілер мекені" атты жәрмеңке 5-11 сыныптар арасында өткізілді. Сынып оқушыларының дайындаған тағамдары бойынша әділ қазылар бағалап, орындар берді. Бағалау критерийлері: жаратылыстану бағыттағы пәндерге байланысты пішіндерінің саны, көркемдік безендіруі, әр сынып дайындаған тағамдары бойынша таныстыру. Барлық сынып оқушылары белсене қатысып, қызығушылық танытты.<br>**Жетінші бағыт**: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. 1-қараша күні мектебімізде 6-7-сыныптар арасында "Білгірлер" сайысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың алған білімдерін саралай отырып, оқушылардың қазақ тілін оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>14-желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай 9-сыныпта «Тәуелсіздік пен жасампаздық жылдары» тақырыбында викторина өткізілді.<br>Мақсаты – елімізді қалыптасқан жаңа жаһандық ахуал жағдайында жаңғырта отырып, тәуелсіздікке қалай жеткенімізді түсіндіру. Қорытынды бөлімінде Қайнеденова Назира, Капан Алтын, Смакова Адиля, Еркенова Саида белсенділік танытқандары үшін марапатталды.<br>**Сегізінші бағыт**: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша 29-қыркүйек күні «Денсаулық фестивалі» өткізілді. Мақсаты - оқушыларға салаутты өмір салтын ұстанудың, денсаулықты сақтаудың маңыздылығын жеткізу. Фестиваль аясында 6-сыныпта эстафеталық жарыс өткізілді. Нәтижесінде «Достық» тобы жеңіске жетті. Сондай-ақ, эстафеталық жарыста 3 «А» сыныбының «Мерген» | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тобы қоржынына ең көп ұпай жинап, жеңімпаз болып атанды.<br>**«Мектептің өзін-өзі басқару»** 22-қыркүйек күні мектебімізде сайлауы өткізілді.Сайлауға 5 үміткер өз ықыластарын білдірді. Олар: 8 «Ә» сынып оқушысы Султанбекова Аяулым, Газизова Сабина, 8 «А» сыныбынан Талғатова Аружан, 9 сыныптан Кайнеденова Назира,Такен Ансар. Нәтижесінде, дауыс саны көп иеленген 8 «Ә» сынып оқушысы Султанбекова Аяулым «Мектеп перезиденті» лауазымына тағайындалды. Балалар өкіліне 8 «А» сынып оқушысы Көпжасар Аяжан сайланды.<br>**«Дебат» қозғалысы** Мектебімізде «Парасат» дебат клубы өз жұмысын жүргізуде. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Оразалы Т.Ж. Тәуелсіздіктің 30жылдығына орай 8,9,10 сыныптар арасында Дебат сайысы өткізілді.<br>Мақсаты - оқушыларға Отан, Тәуелсіздік ұғымы, патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге және халқынның тарихын үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Дебат өте қызу өтіп, оқушылар өз пікірлерін айқын айтып, ой-пікірлерін нақты дәлелдеп отырды. Нәтижесінде, "Парасат" тобы жеңіске жетіп, аудандық байқауға жолдама алды.<br>"Парасат" тобы аудандық дебат клубтарының арасында өткізілген сайыста І орын алып, облыстық кезеңге жолдама алды.<br>**2022-2023 оқу жылы**<br>«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асырумен біріктірдік. Ондағы негізгі мақсат жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.<br>Мектептің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы қоғамдық сананы жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады. Бұл үшін мектепте сапалы білім берумен қатар мақсатты түрде саналы тәрбие жұмысын жүргізіліп келді.<br>**Бірінші бағыт: Қазақстандық патриоттық және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.** 1-қыркүйек күні Білім күніне арналған салтанатты линейка өтті. Мектеп директоры Л.А. Биримжанова жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, марапаттау рәсімін жүргізді. Ата-аналар қауымдастығы атынан Ескараева Куралай Тулеубаевна ақ ниетін білдіріп, мұғалімдер ұжымына ризашылығын айтты. Мектептің түлектері кішкентай бүлдіршіндерге өсиет сөздерін арнап, жылы лебіздерін арнады. 1-сынып оқушылары қызықты қылықтарымен сүйсіндіріп, білімге алу деген құштарлығын өлең сөздерімен | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жеткізді. Әрі қарай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық!» тақырыбнда бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты - білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.<br>Жаңа Қима ауылының учаскелік полиция қызметкері Абдусадиков Б.А. 1 қыруүйек күні 7-11 сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында дәріс өткізді. Оқушыларға тәртіп бұзған жағдайда, қандай жауапкершілікке тартылатындары жөнінде түсіндірілді. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға 22.00 ден кейін заңды өкілдерсіз көшеде жүруге болмайтыны туралы ескерілді.<br>6-қыркүйек күні мектебімізде Қазақстан халқының Тілдер мерекесіне арналған онкүндіктің салтанатты ашылуы өткізілді. Мақсаты - Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру**.** Линейка барысында Ахмет Байтұрсынов туралы бейнефильм ұсынылып, 5-сынып оқушылары тіл туралы тақпақтар айтты. Рамазан Кәусар мен Мұрат Жалғас «Қазақстан» әнін орындап, 9 «А» сынып оқушысы Жолдыбаева Динара, 10-сынып оқушысы Асылкулова Мадина, 11-сынып оқушысы Ибрашева Жасмина Тілдер мерекесіне арналған қабырға газеттерін қорғап шықты. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. құттықтау сөзін арнап, жоспармен таныстырды. 7-қыркүйек күні шағын орталық тәрбиешісі Сулейменова Р.А. «Бала тілі - бал» тақырыбында іс-шара өткізді. Мақсаты **-** балаларды ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге, сүюге тәрбиелеу, танымдық қабілетін дамытып, Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімге баулу. Іс-шара барысында тәрбиеленушілер еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктері артып, өнерлерін ортаға салды.<br>**Рухани – адамгершілік тәрбие бағыты**. 28 қыркүйек күні 4 «Ә» сыныбында «Қарты бар елдің - қазынасы бар» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты - оқушыларды адамгаршілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгі-өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор, болу қасиеттеріне, мейірімділікке, қарияларды құрметтеуге тәрбиелеу, ұнамды-ұнамсыз, әдепті-әдепсіз қылықтарды ажырата білуге үйрету .<br>28-қыркүйек күні мектебімізде 4 «А» сыныбында «Қарттар-асыл қазынам» атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты - оқушыларға үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету екенін білуге тәрбиелеу.<br>27-қыркүйек күні 8-сыныпта «Қарияға құрмет - мұсылмандық асыл қасиет» | | |

тақырыбында сынып сағаты жүргізілді. Мақсаты - оқушылардың ата-анасын қадірлеу, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу. Оқушылар бойындағы адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін дамыту.

**Ұлттық тәрбие бағыты.** Мектебімізде Ұлттық теңге күніне орай 4 «А» сыныбында «Ұлттық теңге - ұлт мақтанышы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты - тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен таныстыру.

14-наурыз күні мектебімізде Наурыз мерекесіне арналған ұлттық ойындар өткізілді. Мақсаты - қазақ халқының ұлттық ойындарын насихаттау.

16-наурыз күні 5-11 сыныптар арасында Наурыз мерекесіне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты – түркі тілдес халықтарының тарихын, мәдениетін насихаттау. Әр сынып түркі тілдес халықтарының бір ұлтын таңдап, тарихын, асханасын, мәдениетін таныстырды.

**Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша** 6-қыркүйек күні 7-сыныпта "Отбасы - алтын діңгегім" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты - оқушыларға тәрбие бесіктен бастау алатыны, яғни қазақ халқының салт-дәстүрлермен әдеп ғұрыпының тәрбиелік мәнін ұғындыру құндылық қасиеттерін қалыптастыру.

5-қазан күні мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде келесі сұрақтар қарастырылды:

1. 2021-2022 оқу үрдісінің нәтижесі
2. Психологиялық қызметінің жұмысы туралы
3. Әлеуметтік көмек беру ережелері
4. Оқушылардың қауіпсіздігі
5. Әртүрлі.

**Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағыты** бойынша 30-қыркүйек күні мектебімізде аяулы ұстаздар құрметіне оқушылар атынан мерекелік бағдарлама әзірленді. Білім алушылар жылы лебіздері мен жүрек жарды сөздерін арнап, ұстаздар қауымына жақсы көңіл-күй сыйлады.

11-қазан күні «Қарттар күні» айлығы аясында мектепішілік Тимур тобы Жақсы ауданы бойынша құрметті азаматшасы, зейнеткер - Омурзакова Р.Ш-на көмек көрсетілді.

12-13-қазан күндері мектебімізде Республика күніне орай «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» акциясы өткізілді. Мақсаты – қоршаған ортаны аялау, табиғатты қорғау. Акцияға 5-10 сынып оқушылары қатысып, жауапкершілік пен белсенділік танытты.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 14-қазан күні «Қарттар күні» айлығы аясында мектебімізде суреттер көрмесі өткізілді. Мақсаты – оқушылар бойында үлкендерді құрметтеуге баулу.<br>13-мамыр күні «Жасыл мекен» челленджін өткізді. Мақсаты – туған жердің жеріміздің табиғатын көркейту, экологиясын жақсарту, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерін оята отырып, табиғатты аялауға баулу. Челленджге 20 оқушы, 5 мұғалім қатысып, 20 көшет отырғызылды.<br>**Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты бойынша**<br>21-ақпан күні 5-сынып жетекшісі Муханжанова М.К. «Алғыс айту» күніне арналған жоспар аясында "Бір Отан - бір отбасы" тақырыбында сынып сағатын өткізді. Мақсаты – татулық, сыйластыққа тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін нығайту.<br>12-сәуір күні – Ғұбайдолла Әбдірахманұлын еске алу күні. Сол себептен бүгін мектебімізде 10-11 сынып оқушылары арасында кездесу өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Ғұбайдолла Әбдірахманұлының өмірбаяны мен еңбек жолымен таныстыру және насихаттау. Кездесуге мектепке есімі берілген Ғұбайдолла атамыздың қызы Токмурзина Гүлбаршын Кубиевна, шәкірті Омаров Жоламан, ауылымыздың әкімі Серікпаев Ерлан Әшімұлы қатысты. Іс-шара барысында білім алушылар Ғұбайдолла Әбдірахманұлының өлеңдерін оқып, өмірбаяны мен еңбек жолымен танысты. Кездесу барысында оқушылар қызықтырған сұрақтарын қойып, Ғұбайдолла Әбдірахманұлы туралы білмеген ақпараттармен танысып, танымдарын кеңейтті. Тәрбиелік мәні зор, рухани жағынан берері мол іс-шара өте қызықты әрі мазмұнды өтті.<br>**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты** бойынша күзгі демалыс кезінде келесі іс-шаралар жүргізілді:<br>Эрудит күні. 31-қазан күні 4 «Ә» сыныбында «Білгірлер» викторинасы өкізілді. Мақсаты – оқушылар бойында білімге деген ниеттерін нығайту.<br>Кино күні. Мақсаты – оқушылардың қызығушылығын арттыру, танымдық қабілеттерін кеңейту.<br>12-сәуір күні мектебімізде оқушылар арасында шахматтан республикалық челендж өтті. Мақсаты - шахмат арқылы балалардың зияткерлік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту.<br>**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты** бойынша 5-қазан күні «Өзін-өзі басқару» кеңесінің жоспары аясында салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылығын ояту мақсатында 9-11 сыныптар арасында волейбол ойынынан турнир өткізілді. Нәтижесінде 10 сынып қыздары 3-ші орынға, 10 сынып ұлдары 2-ші орынға және 11 сынып 1-ші орынға ие болды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 27-қазан күні мектептің мейірбикесі Нурымова Г.А. оқушылар арасында «Тұмаудың алдын алу жолдары» тақырыбында дәріс оқып, жадынама таратты. Мақсаты - тұмаудың алдын алу.<br>19-қаңтар күні метебімізде жоғары сынып оқушылары арасында «Шаңғы шақырады» спорттық іс-шара өтті. Мақсаты – оқушылар бойында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көшеде жүру ережесі бойынша жүргізілген жұмыстар**. Мектепте 1-8-сыныптар арасында сынып сағаттары тәрбие жұмысына кіріктірілген. 05.09.22 ж. мектебімізде «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!» онкүндігі аясында «Көше күтпеген оқиғаларға толы» тақырыбында жол тәртібін сақтау ережелері 2-3 және 5-6 сыныптар аралығында бейнеролик, презентация форматында ұсынылды. Мақсаты - жолда жүру ережелерімен таныстыру, көшеде дұрыс жүруін қоғамдық орындарда өздерін алып жүруге, жол белгілерін, олардың топтарын ажырата білуге үйрету.<br>06.09.22 ж. мектебіміздің 2-4 сынып оқушыларына «Бағдаршам-біздің досымыз» тақырыбында сұрақ-жауап әдісі форматында ойын өткізілді. Мақсаты - жолда жүру ережесі туралы түсінік беру, балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>09.09.22 ж. мектебімізде "Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!" онкүндігіне орай 4 "А" және 4 "Ә" сыныптарында "Абайла, жаяу жүргінші!" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты - оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, және ойда сақтауға білуге үйрету. Тәртіптілікке сақ болуға, көшеде өздерін ұстап жүруге тәрбиелеу.<br>**Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысы.** 22-қыркүйек күні мектеп Президенті лауазымына сайлау өткізіліп, 10-сынып оқушысы Куанышпаева Нұрай ең коп дауыс жинап, жеңіске жетті.<br>03.10 күні мектебімізде мектеп кеңесінің отырысы өткізілді. Отырыс барысында мектеп кеңесінің әр мүшесі өз міндеттерімен таныстырылып, алдағы уақытта жүргізілетін іс-шараларды жоспарға енгізді.<br>**2023-2024 оқу жылындағы біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша тәрбие жұмысы үш құндылық негізінде жүзеге асырылды: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.**<br>Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылыды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұлттық мүдде, ар - ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.<br>**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.<br>**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.<br>**Міндеттері:**<br>➢ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.<br>➢ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, тәрбиелеу.<br>➢ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар - ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.<br>➢ Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.<br>Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды.<br>Мектептегі тәрбие жұмысы мектеп міндеттері және алға қойған мақсаттарына сәйкес жүзеге асты.<br>**«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ» құндылығы.** 1-қыркүйек күні мектебімізде Білім күніне арналған салтанатты линейка өтті. Іс-шараның алғаш құттықтау сөзін мектеп директоры Л.А. Биримжанова жолдап, мектеп ұжымы мен шәкірттерге сәттілік тіледі. Мактумова А.Б. Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі әдістемелік | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | кабинетінің басшысы да жылы лебізін білдіріп, толағай табыс пен шығармашылық табыс тіледі. Сонымен қоса, Жаңақима ауылдық округінің әкімі Серікпаев Е.Ә қатысып, құттықтау сөзін арнады. Ата-аналар қауымдастығы атынан Ескеева Г.Қ. ақ ниетін білдіріп, мұғалімдер ұжымына ризашылығын айтты. Мектептің түлектері кішкентай бүлдіршіндерге өсиет сөздерін арнап, сыйлықтарын табыс етті. 1-сынып оқушылары қызықты қылықтарымен сүйсіндіріп, білімге алу деген құштарлығын өлең сөздерімен жеткізді.<br>1-қыркүйек күні мектебімізде Жаңа Қима ауылының учаскелік полиция қызметкері Абдусадиков Б.А. оқушылар арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Интернет алаяқтығы» тақырыптарында дәріс өткізді. Оқушыларға тәртіп бұзған жағдайда, қандай жауапкершілікке тартылатындары жөнінде түсіндірілді. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға 22.00 ден кейін заңды өкілдерсіз көшеде жүруге болмайтыны туралы ескерді.<br>1-қыркүйек күні мектебімізде «МЕКТЕБІМ - МЕЙІРІМ МЕКЕНІ» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары жүргізілді. Сынып сағатының **мақсаты:** білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.<br>8 қыркүйек күні Отбасы күні мерекесіне орай педагог-психолог Ибрагимова М.Ж. 4-сынып оқушылары арасында “Отбасым - биік тұғырым” атты тренинг өткізді.<br>Мақсаты: Бала бойындағы отбасылық құндылықтарды дәріптеуге жол ашу, ата-аналарына деген құрметтері мен ізгі ниеттерін жеткізе білуге бағыттау, отбасы арасындағы қарым-қатынасты нығайту.<br>Мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары арасында «Тілге құрмет – елге құрмет» акциясы өткізілді. Мақсаты – отбасылар арасында мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру.<br>Мектебіміздің оқушылары Ұстаздар күніне мерекелік бағдарлама ұсынып, жүрек жарды тілектерін арнады. Кәсіподақ төраймы Муханжанова М.К. кәсіподақ ұйымының белсенді спортшыларын марапаттады.<br>17 қазан күні музыка пәнінің мұғалімі Асхар Б жетекшілігімен 5 «ә» сынып оқушысы Мұрат Жалғас пен 6-сынып оқушысы Рамазан Кәусар Көкшетау қаласында «Қыран елім – Қазақстан» атты фестивальге қатысып келді. Оқушылар мақтау грамотасы мен бағалы сыйлықпен марапатталып, өнерлерін ортаға салды.<br>**«АР-ҰЯТ» құндылығы.** Академиялық адалдық қағидатын қолдау, әдеп | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | нормаларын ұстану, халқына адал қызмет ету, ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, отанның бір мүшесі екенін сезіну болып табылады.<br>12 қазан күні мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.<br>Қарастырылған сұрақтар:<br>1. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру туралы (директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б.)<br>2. «БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ: АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІ МЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ» (әлеуметтік педагог Советхан Н.)<br>3. «Суицидтік мінез құлық және оның алдын алу, түзету» (педагог-психолог Ибрагимова М.Ж.)<br>4. Әртүрлі (оқушылардың қауіпсіздігі, тәртібі)<br>Жиналыстың шешімі:<br>1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысына 1-11 сынып ата-аналары жұмысқа тартылсын.<br>2. Ата-аналар тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігі, булинг, кибербулинг, суицидтің алдын алу белгілері қатаң қадағалауда болсын.<br>13 қазан күні Жақсы полиция бөлімінің кадр саясаты жөніндегі орынбасары полиция майоры Алдажаров А.А., Жаңа Қима ауылының учаскелік полиция қызметкері капитан Абдусадиков Б.А. оқушылар арасында «Нашақорлық пен электрондық шылымның әсері», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс оқып, оқушылардың құқықтық білімдерін кеңейті. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушылары арасында профориентациялық қызмет атқарып, құқық қорғау саласындағы мамандықтардың қыр-сырымен таныстырды.<br>**«ТАЛАП» құндылығы**. Сыни және креативті ойлау, физикалық белсенді болу, жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді.<br>9 қараша күні директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. мен мейірбике Сваричевская Л.В. 8-11 сыныптардың қыздары арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәріс өткізді. Мақсаты – жас жеткіншіктер арасында репродуктивтік денсаулық жөнінде кеңес беру, ерте жүктіліктің алдын алу.<br>9 қараша күні директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. мен мейірбике Сваричевская Л.В. 8-11 сыныптардың қыздары арасында «Ерте | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жүктіліктің алдын алу» тақырыбында дәріс өткізді. Мақсаты – жас жеткіншіктер арасында репродуктивтік денсаулық жөнінде кеңес беру, ерте жүктіліктің алдын алу<br>**Төрт тоқсан-төрт өнер»** ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында 8-10 сынып оқушылары арасында «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» тақырыбында ақындар айтысы өткізілді.<br>**Тоғыз айға 9 іс шара:** ”Шығарма жазу: «Болашаққа хат» челленджі 8-11 сыныптарымен ұйымдастырылды.<br>**2023-2024 оқу жылы барысында мектепте «Ата-аналарға психологиялық -педагогикалық қолдау» орталығы** жұмыс істей бастады. «Ата - аналарға психология-педагогикалық қолдау» орталығына арнайы бұйрық шығарылып, жауапты қызметкерлер бекітілді. Мектеп ұстаздары орталықтың ережесімен таныстырылды.<br>Мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.<br>18 қаңтар күні мектебімізде «Ата-аналарды қолдау орталығы» 5-9 сынп ата-аналары үшін «**Ақыл айтпа, жол көрсет»** тақырыбында жиналыс өткізді. Мақсаты – мектеп пен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту, позитивті қарым-қатынас орнату.<br>Жиналыс барысында мектептің педагог-психологі Тапаева А.К. «Танысу» тренингісін өткізіп, ата-аналар балалары туралы ақпараттармен бөлісіп, ортаға ойларын салды. Әрі қарай директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова А.Б. «Ата-аналарды қолдау орталығының» мақсаты мен жұмысымен таныстырып, назарларына әсерлі де мазмұнды бейнетүсірілім көрсетіп, ата-аналар өз пікірлерімен, алған әсерлерімен шын ниетпен бөлісті. Педагог-психологтың "Мейірімділік шуағы" рефлексиясы ата-аналарға ерекше сезім сыйлап, көңілдерінен шықты. Омарова А.Б. «Мектеп-отбасы-оқушы» үштік одағының маңыздылығын айтып, қорытынды жасады. Жиналыс қызықты әрі мазмұнды өтті.<br>**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркөмдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру**<br>201-2022 оқу жылында мектепте барлығы 7 секция «Қазақша күрес», «Теннис», | | |

«Футбол», «Волейбол», «Баскетбол» жұмыс жасады. Секция жұмыстарын дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жүргізеді. Секцияларға 1-11 сынып оқушылары қатысады. Құрылған жоспарға сәйкес оқушылармен жұмыстар жүргізіледі. Оқушылардың секция жұмысына келуі күнделікті тексеріліп отырады.
2022-2023 оқу жылында 8 секция жұмыс жасады. Қазақ күресі, футбол, волейбол, баскетбол, шахмат, асық ату, теннис, тоғызқұмалақ. Оқушылар аса қызығушылықпен қатысып, нәтижеге жетуде.
2023-2024 оқу жылы барысында 7 секция жұмыс жасайды. Атап айтар болсақ: «Қазақ күресі», «Теннис», «Асық ату», «Шахмат», «Волейбол», «Футбол», «Баскетбол». Секциялар құрылған кестеге сәйкес жүргізіледі. Секция жұмысының басты міндеті – оқушыларды салауатты өмір салтына ынталандыру, жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың денсаулығын нығайту мен сақтау болып табылады.

**Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері):** 10-11 сыныптарда оқушылардың (ата-аналарымен келісілген) таңдап алған курстары жаратылыстану-математика бағытына негізделген. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орындарына грантқа ҰБТ тапсыруда таңдау курстардың маңызы зор. Соңғы 3 жылда ЖОО түсу -100 %, 2022 жылы грант 17 оқушыдан 9 оқушы (53%), 2023 жылы 9 оқушыдан 9-ы (100 %) , 2024 жылғы грант жобалық жоспар : 17 оқушыдан 12 (70%). Осы бағыттағы оқушылардың жетістіктері :

| Тегі, аты, әкесінің аты | Сынып | Қатысу іс-шара | Жетекші | аудандық нәтиже | облыстық нәтиже | республикалық нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ибрашева Жасмина | 11 | "Ілияс Жансүгіров" олимпиадасы | Омарова А. Б. | I орын | I орын | Алғыс хат |
| Бекболат Мөлдір | 10 | "Абай оқулары" | Садвакасова Г. С. | I орын | 0 | |
| Асылкулова Мадина | 10 | "Абай оқулары" | Омарова А. Б. | II орын | | |
| Асылкулова Мадина | 10 | "Жарқын болашақ" | Садвакасова Г. С. | | 0 | |
| Асылкулова Мадина | 10 | "Жас тарихшылар мен | Есенгулова Т. С. | III орын | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өлкетанушылар байқауы | | | | |
| Султангазина Дильназ | 10 | "Әбіш оқулары" | Садвакасова Г. С. | 0 | | |
| Искакова Дильназ | 10 | "Әбіш оқулары" | Садвакасова Г. С. | I орын | | |
| Султангазина Дильназ | 10 | "Әбіш оқулары" | Садвакасова Г. С. | I орын (2021-2022) | 0 | |
| Кайду Медет | 11 | "Президенттік олимпиада" | Аканова А. Р. | | 0 | |
| Көпжасар Ерасыл | 11 | "Президенттік олимпиада" | Аканова А. Р. | | - | |
| Балабиев Алтынбек | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Ериков К. З. | III орын | 0 | |
| Кокеш Диана | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Омарова А. Б. | I | 0 | |
| Рамазан Мадина | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Самурат Н. | III орын | | |
| Ахмет Кумилә | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Муханжанова М. К. | III орын | | |
| Ахмет Камила | 11 | "Ақберен" | Омарова А. Б. | I | 0 | |
| Асылкулова Мадина | 10 | ғылыми жоба байқауы | Есенгулова Т. С. | I (2021-2022) | II | 0 |
| Бекболат Мөлдір | 10 | "Кенгуру - математика барлығы үшін" | Сулеймэн Е. | | | I |

**Зияткерлік, спорттық, шығармашылық және ғылыми-практикалық сайыстарға қатысуы 2023-2024 оқу жылғы жетістіктері**

| аудандық деңгей | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Сынып | Қатысу іс-шара | Жетекші | Нәтиже |
| 9 | Қапеш Гүлзат | 10 | "Мәшһүр Жүсіп оқулары" | Садвакасова Г. С. | III орын |
| 10 | Қапеш Гүлзат | 10 | "І. Есенберлин" байқауы | Садвакасова Г. С. | II орын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Ерік Аяжан | 10 | Мағжан оқулары | Садвакасова Г. С. | II орын |
| 12 | Жолдыбаева Динара | 10 | Қ. Бітібаева олимпиадасы | Садвакасова Г. С. | II орын |
| 14 | Жолдыбаева Динара | 10 | "Алтын түлек" | Абдуалиева К. Е. | Мадақтама |
| 15 | Асылкулова Мадина | 11 | Абай оқулары | Асхар Б. | II орын |
| 16 | Асылкулова Мадина | 11 | "Ақберен" республикалық өнер байқауы | Садвакасова Г. С. | I орын |
| 17 | Асылкулова Мадина | 11 | "Жарқын болашақ" олимпиадасы | Садвакасова Г. С. | II орын |
| 38 | Тулегенова Динара | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Самурат Н. | II орын |
| 39 | Ибраева Аида | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Муханжанова М. К. | II орын |
| 40 | Капашева Аяулым | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Тулегенова Г. К. | II орын |
| 41 | Султанбекова Аяулым | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Садвакасова Г. С. | II орын |
| 42 | Бекболат Назым | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Ериков К. З. | III орын |
| 43 | Көпжасар Аяжан | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Аканова А. Р. | III орын |
| 44 | Жабагин Аман | 10 | 9-11 сынып олимпиадасы | Есенгулова Т. С. | III орын |
| 45 | Кайнеденова Назира | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Есенгулова Т. С. | II орын |
| 46 | Колбай Мөлдір | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Аканова А. Р. | III орын |
| 47 | Султангазина Дильназ | 11 | 9-11 сынып олимпиадасы | Муханжанова М. К. | III орын |
| **облыстық деңгей** | | | | | |

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Сын ып | Қатысу іс-шара | Жетекші | Нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тулегенова Динара | 10 | Ауылдық олимпиада | Самурат Н. | II орын |
| | Колбай Мөлдір | 11 | Ауылдық олимпиада | Аканова А. Р. | III орын |
| 4 | Асылкулова Мадина | 11 | "Ақберен" республикалық өнер байқауы | Садвакасова Г. С. | II орын |
| **республикалық деңгей** | | | | | |
| **№** | **Тегі, аты, әкесінің аты** | **Сын ып** | **Қатысу іс-шара** | **Жетекші** | **Нәтиже** |
| 9 | Беколат Назым | 10 | "Ақ бота" | Муханжанов а М. К. | II |
| 23 | Бекболат Назым | 10 | "Тарих ата" | Ериков К. З. | II |

**2021-2022 оқу жылы** таңдалған курстардың атауы: 10,11 сыныптарда «Сандарды математикалық модельдеу» 1/1 сағаттан (мұғалімі Сулеймэн Е.) , «Электродинамика негіздері»11 сыныпта 1 сағат (мұғалімі Оразбаева Б.М.), «Микробиология» 10,11 сыныптарда 1/1 сағаттан (мұғалімі Аканова А.Р.) және дала жиындарына 1 сағат АӘТД (мұғалімі Оразалы Т.Ж.) пәніне бөлінді.
**2022-2023 оқу жылы** таңдалған курстардың атауы 10 сыныпта «Сызықтық алгебра ж/е аналитикалық геометрия» 1 сағат (Сулеймэн Е.), 11 сыныпта «Элементарлық математика» 1 сағат (Сулеймэн Е.).
**2023-2024 оқу жылы** таңдалған курстардың атауы 10 сыныпта «Өмірді ұзарту және биохакинг» 2 сағат (мұғалімі Аканова А.Р.), 11 сыныпта «Әр түрлі типтегі есептерді шығару жолдары» 2 сағат (Аканова А.Р.).
**Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру**: Үйден оқытылатын 2 оқушы бар. 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдары оқушы саны 2 . Блиспекова К.К., ПМПК қорытындысы: Интеллекттің орташа бұзылуы. Мінез-құлықтың бұзылуы.Орташа деңгейде сөйлеудің жүйелі дамымауы. Көру қабілетінің бұзылуы: көру қабілеті нашар бала. Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша 10 сағат көлемінде жұмыстық оқу жоспары , сабақ кестесі бекітілді. Мұғалімдер күнтізбелік -тақырыптық жоспарларын қазақ тілі, математика, сөйлеу және тіл дамыту, айналамен танысу, жаратылытану пәндері,

түзету компоненті бойынша құрастырып жүргізеді. Педагог-психолог түзету компоненті бойынша 2 сағат көлемінде сабақтар өткізді.2022 жылдың ақпан айынан үйден оқытылатын оқушы 1, Аруанбек Д.Б. ПМПК қорытындысы : Жеңіл ақыл-ой кемістігі, Орта дәрежелі сөйлеудің жүйелі бұзылуы. ОНР - 3 деңгей. Соматикалық ауру.

Білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдарға негізделген жұмыстық оқу жоспары 10 сағат көлемінде құрастырылып, сабақ кестесі , пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары бекітілген.

1. Ақыл-ойы жеңіл бұзылған балаларға арналған жеке бағдарлама бойынша оқыту.
2. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен өлшемдерін өзгерту .
3. Ақыл-ой бұзылған балаларға арналған арнайы оқулықтарды пайдалану.
4. Деффектологтың, логопедтің арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауы

Арнайы оқулықтар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларда жоқ. Мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бойынша арнайы іріктеліп, дайындалған үлкен әріптермен жазылған дидактикалық материалдар пайдалынады.

- ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

2021-2022 оқу жылы жүргізілген таңдау курстары мен факультативтер:

Вариативтік компонент сағаттары

2021-2022 оқу жылында «Жаһандық құзіреттілік» курстарына, элективті, белсенд қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға бөлінді .

| № | «Жаһандық құзіреттілік» , элективті, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар атаулары, өткізген мұғалімі | сынып | сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1. | Өнерлі өрендер | 2 | 1 |
| 2. | Өнерлі өрендер | 3А | 1 |
| 3. | Өнерлі өрендер | 3Ә | 1 |
| 4. | Тоғызқұмалақ | 4 | 1 |
| 5. | Зайырлылық ж/е дінтану негіздері | 9 | 1 |
| 6. | Ж/.қ. к.Медиасауаттылық | 8А | 1 |
| 7. | Э/к. Өсімдіктерді зерттеу ғылымы | 5 | 1 |
| 8. | Э/к.Абайтану | 7 | 1 |
| 9. | Э/к.Тарихи тұлғалар | 6 | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | Э/к.Модулі ж/е параметрі бар теңдеулер | 8 Ә | 1 |
| 11 | Э/к.Теңсіздіктерді дәлелдеу тәсілдері | 8 А | 1 |
| 12. | Ж/қ. к. Эмоционалды интеллект ж/е сыни ойлау | 9 | 1 |
| 13. | Ж/қ.курсы Парасаттылық ж/е әдеп | 5 | 1 |
| 14. | Ж/қ. курсы Экология | 6 | 1 |
| 15. | Ж/қ. к. Эмоционалды интеллект ж/е сыни ойлау | 7 | 1 |
| 16. | Ж/.қ. к.Медиасауаттылық | 8 Ә | 1 |
| 17. | Микробиология | 10,11 | 2 |
| 18 | Сандарды математикалық модельдеу | 10,11 | 2 |
| 19 | Электродинамика негіздері | 11 | 1 |
| 20 | АӘД | 10 | 1 |
| 21 | Кәсіпкерлік ж/е бизнес | 10,11 | 2 |

**2022-2023 оқу жылы**

| № | «Жаһандық құзіреттілік» , элективті, белсенді-қозғалм сипаттағы жеке және топтық сабақтар атаулары | сынып | сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Шахмат | 1 | 1 |
| 2 | Шахмат | 2 | 1 |
| 3 | Шахмат | 3 | 1 |
| 4 | Шахмат | 4а,ә | 2 |
| 5 | Домбыра | 5,6 | 1 |
| 6 | Жаһандық құзіреттілік | 7,8 | 1 |
| 7 | Зайырлылық ж/е дінтану негіздері | 9 а,ә | 2 |
| 8 | Кәсіпкерлік және бизнес | 10,11 | 2 |

**2023-2024 оқу жылы**

| № | «Жаһандық құзіреттілік» , элективті, белсенді-қозғалм сипаттағы жеке және топтық сабақтар атаулары | сынып | сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Шахмат | 1 | 1 |
| 2 | Шахмат | 2 | 1 |
| 3 | Шахмат | 3 | 1 |
| 4 | Шахмат | 4 | 1 |
| 5 | Домбыра | 5а,ә | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | Жаһандық құзіреттілік | 6,7,8 | 1,5 |
| 7 | Зайырлылық ж/е дінтану негіздері | 9 | 1 |
| 8 | Кәсіпкерлік және бизнес | 10,11 | 2 |

"Өмір қауіпсіздігінін негіздері" міндетті оқу курсын оқу;

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының игерілуі.**

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде міндетті білім стандарты негізінде 1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мемлекеттік білім беру стандартының орындалуы 1-11 сынып оқушыларының өмір қауіпсіздігі ережесін сақтау бойынша жұмыстары оқу кезіндегі пәндермен кіріктіріліп жүргізілді.

Өмір қауіпсіздігі негіздерінің жүргізілуі 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәнінің шеңберінде өткізілді, күнтізбелік -тақырыптық жоспарға барлық сынып жетекшілерде кіріктірілген. Өмір қауіпсіздігі негіздерінің жүргізілуі электрондық журналғада кіріктірілген.

Өмір қауіпсіздігі негіздерінің жүргізілуі 5-9 сыныптарда дене шынықтыру сабағы негізінде өткізілді. Күнтізбелік - тақырыптық жоспарға барлық пән мұғалімдерінде кіріктірілген. Өмір қауіпсіздігі негіздерінің жүргізілуі электрондық журналға да кіріктірілген.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Өмір қауіпсіздігі негіздері 10-11 сыныптарда алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні сабағында мемлекеттік білім беру стандартына сай жүргізілді, толықтай бағдарлама орындалды.<br>**"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.**<br>Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде міндетті білім стандартына «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыруда және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектепте «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды. 5-8 сыныптарда сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылардың жолдағы өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электронды журналға 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Жолда жүру» ережесі бойынша жоспар құрылып 1-8 сыныптар аралығында сынып сағаттары есебінен жұмыстар жүргізіліп,электронды журналға жазылды.<br>**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:**<br>білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі жә сақталуы; **2021-2022 оқу жылы** : Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі :<br>1-сыныпта – инварианттық компонент - 22,5 сағат, вариативтік компонент-0, 2- сыныпта – 23/1 сағат, 3-сыныпта – 26/1 сағат,4-сыныпта-26/1 сағат, 5-сыныпта-29/2 сағат, 6-сыныпта – 29/2 сағат, 7-сыныпта – 32/2 сағат, 8-сыныпта–33/2 сағат, 9-сыныпта – 34/2 сағат, 10-сыныпта – 33/4 сағат, 11-сыныпта – 33/4 сағат; 5,6, 8ә,9 сыныптарда бала саны 20 және одан жоғары болуына байланысты орыс тілі және әдебиет, информатика, шетел (ағыл.) тілі пәндері топтарға бөлінді. Көркем еңбек, дене шынықтыру пәндері ұлдар, қыздарға бөлініп оқытылды.<br><br>**2022-2023 оқу жылы** Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі :<br>1-сыныпта–инварианттық компонент19,5 сағат,вариативтік компонент-0, 2-сыны – 23/1 сағат, 3-сыныпта – 25/1 сағат,4 сыныпта-25/1 сағат, 5-сыныпта-28/0,5 сағат, сыныпта – 28/0,5 сағат, 7-сыныпта – 31/0,5 сағат, 8-сыныпта–<br>32/0,5 сағат, 9-сыныпта – 33/1 сағат, 10-сыныпта – 32/2 сағат, 11-сыныпта – 32/2 сағат. 2,5,6, 7,9Ә, сыныптарда бала саны 20 және одан жоғары болуына байланысты информатика, шетел (ағыл.) тілі пәндері топтарға бөлінді. Көркем | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | еңбек пәндері ұлдар, қыздарға бөлініп оқытылды.<br><br>2023-2024 оқу жылы Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі : Инвариативтік компонент 18,5 сағат,вариативтік компонент-0, 2-сыныпта – 22/2 сағат, 3-сыныпта – 25/1сағат,4сыныпта-25/1 сағат, 5-сыныпта-28/0,5 сағат, 6-сыныпта –28/0,5 сағат, 7-сыныпта – 31/0,5 сағат, 8-сыныпта–32/0,5 сағат, 9-сыныпта – 33/1 сағат, 10-сыныпта – 32/3 сағат, 11-сыныпта – 32/3 сағат. 3, 6,7,8,10 сыныптарда оқушы саны 20 және одан жоғары болуына байланысты цифрлық сауаттылық, информатика, шетел (ағыл.) тілі пәндері 2 топқа бөлініп оқытылды.Көркем еңбек пәні ұлдар, қыздарға бөлініп оқытылды.<br>ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкес, бағдарламаларының орындалуы 100%.<br>**Оқу мерзіміне өлшемшарттар:**<br>Мектепте мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-төрт жылды, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-бес жылды, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі-екі жылды құрайды.<br>**Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.**<br>**2021-2022 оқу жылында каникул кезеңдері оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомостволық бағыныстылығына қарамастан** «Орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығына сәйкес оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасы; Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады. Оқу жылы кезеңдері: 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2021 жылғы 1қараша -7 қарашаны қоса алғанда ); қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан - 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда ), көктемгі – 13 күн (2022 жылғы 19 наурыз -30 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша демалыс – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда) .<br>**2022-2023 оқу жылында каникул кезеңдері оқу жылының** басталуын, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы бойынша оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы; 1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) деп көрсетілген.<br>**2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері :** 2023 жылғы 1 қыркүйек -2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы: 1 тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда); 2 тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс –күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда); 3 тоқсан -10 оқу аптасы , көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда – қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында), 4 тоқсан – 8 оқу аптасы | | |
